

## Түсініктеме

«Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешені төмендегі нормативтік құжаттарға сәйкес дайындалған. 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен бекітілген).

2. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен бекітілген);

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 ж. 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген).

Жаңартылған бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің контекстегі 5 білімдік саласына жаңа мазмұн ұсынып отыр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Қатынас» білім беру саласы бойынша дайындалған.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің негізгі мақсаты мен міндеттері: үйренген сөздерді пайдаланып байланыстырып сөйлеу; сурет мазмұнын түсініп айтуға үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып ажырата білуге; қысқа өлең, тақпақ, жұмбақтарды жаттап айтуға үйрету.

Осыған байланысты «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешенің басты мақсаты – көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін тиімді әдіс-тәсілдер, құрал-жабдықтар және технологияларды тарату, көрсету.

«Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешенінің құрамы:

1. Әдістемелік нұсқау
2. № 1, 2 жұмыс дәптерлері

Әдістемелік нұсқау төмендегі бөлімдерден тұрады:

- Перспективалық жоспар
- Ұйымдастырылған (66) оқу қызметінің жоспарлары.
- Қосымша материалдар.

Қосымша материалдардың құрамына ертегілер енді.

Әдістемелік нұсқау баланың қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын оятуға; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтып, сөз ішіндегі дыбысты ажырата алуға жаттықтыруға; ауызша сөйлеулерін жаттықтыруға; сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыруға; сұрақты түсініп, оған саналы түрде толық жауап беруге дағдыландыруға бағытталған. Сол секілді балалардың ақыл-ойының, қабілеттерінің дамуын ескеріп, олардың зейінін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыта отырып оқыту көзделген.

Дыбыстық жаттығулар арқылы дыбыстарды дұрыс айтуды үйренсе, тақпақ, жұмбақтарды қайталай отырып, тілдері жаттығады

Жаңа технологияны, дәстүрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтеріп, баланың білуге деген қызығушылығын арттыра түсері анық.

-Оқу қызметі ойын түрінде, ал дидактикалық ойындарды өткізуде баланы шаршатпау, денсаулығын сақтау, күн тәртібіне сәйкес жүргізілуі ескерілді. Балалардың қазақ тілін үйренуге деген қызығушылығын арттыру мақсатында оқу жылы бойында олармен бірге жүретін Арман және Сауле деген кейіпкерлер берілген. Өрбір сабақтың соңында балалар өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілейді.

Егер өзінің белсенділігіне қанағаттанса, берілген тапсырмаларды жақсы орындаса, күліп тұрған смайлды қарындашпен бояйды, ал егер тапсырмаларды орындай алмай қалса, өзінің іс-әрекеттеріне қанағаттанбаса, ренжіп тұрған смайлды бояйды.

Орыс тілді мектепке дейінгі оқыту-ағарту мекемелерінде қазақ тілін оқыту үшін алға қойылған негізгі мақсаттың бірі – балалардың қазақ тілінде өз ойларын дұрыс жеткізе алу дағдыларын дәстүрлі әдіс-тәсілдермен бірге жаңа технологиялар арқылы үйрету.

Біздің ойымызша, қазақ тілі оқу қызметтерінде қолданылатын мультимедиалық технологиялар – қазақ тілін оқыту үдерісін қарқындататын, баланың белсенділігін жоғарылататын, аз уақыт ішінде мол дыбыстық, бейне, анимациялық тілдік материалды ұсына отырып, саралап-даралап оқытуға жағдай жасайтын, тілді меңгеру дәрежесін бақылауға мүмкіндік туғызатын инновациялық технология. Түрлі компьютер ойындары, мультимедиа балалардың қызығушылығын арттырып, ерікті түрде оқу қызметіне араласуға тартады.

Балаға түсінікті, тілдеріне жеңіл, қазақ тілінде заттардың атын атау, сұраққа толық жауап беруге үйретуге, тілімізді құрметтеуге, достыққа тәрбиелеуге, бағыт-бағдар беретін, салт-дәстүрмен, фольклормен таныстыратын, өтілген тақырыптарды пысықтау, есте сақтау мақсатында жұмыс дәптері жасалды.

Құрметті әріптестер, бұл жазылған әдістемелік нұсқау сіздердің ерен еңбектеріңізге, шығармашылықтарыңызға бір көмегін тигізеді деп ойлаймыз.

## I. Ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары

№	Тақырыбы	ҰОҚ мақсаты	Күні
1	Менің балабақшам	<b>Мақсаты:</b> балаларды өз балабақшасы туралы әңгімелей білуге үйрету.	02.09.2021
2	Балабақша бөлмелері	<b>Мақсаты:</b> балабақша бөлмелерінің атын дұрыс айтуға үйрету	03. 09.2021
3	Біздің топ	<b>Мақсаты:</b> топтағы заттардың атауын еске түсіру, жекеше, көпше түрде айтуға үйрету.	09. 09.2021
4	Біз балабақшада не істейміз?	<b>Мақсаты:</b> балабақшадағы іс-әрекеттерін білу, сөйлемдердегі сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.	10.09.2021
5	Балабақша қызметкерлері	<b>Мақсаты:</b> балабақша қызметкерлерінің лауазым атауларын қазақ тілінде айтуға үйрету.	16.09.2021

6	Менің ойыншықтарым	Мақсаты: тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру.	17.09.2021
7	Менің сүйікті ойыншығым	Мақсаты: ойыншықты меншіктеп айтуға, диалогке қатысуға үйрету.	23.09.2021
8	Алтын күз	Мақсаты: игерген сөздерін қолданып, шағын мәтін құру дағдыларын дамыту.	24.09. 2021
9	Көгөністер	Мақсаты: жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, жаттықтыру.	30.09. 2021
10	Жемістер	Мақсаты: күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үйрету.	01.10. 2021
11	Жидектер	Мақсаты: сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру.	07.10. 2021
12	Ойнайықта ойлайық	Мақсаты: өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту.	08.10. 2021
13	Неше? Санау	Мақсаты: сөйлемдерді дауыс ырғағымен түрлендіріп айтуға жаттықтыру.	14.10. 2021



14	Апта күндері	Мақсаты: педагогті тыңдау арқылы есте сақта мен зейінін жетілдіру.	15.10. 2021
15	Менің отбасым	Мақсаты: сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Білімділік міндеті: отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға	21.10. 2021
16	Ғажайып алаң	<b>Мақсаты:</b> қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, отбасы тақырыбын қайталау, бекіту.	22.10. 2021
17	Мен және менің достарым	<b>Мақсаты:</b> тақырып бойынша сөздер үйрету, сөзді саналы түрде есте сақтауға жаттықтыру.	28.10. 2021
18	Мамандықтың бәрі жақсы	<b>Мақсаты:</b> әртүрлі мамандық иелері туралы түсіндіру, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқауға үйрету.	29.10. 2021

19	Жақсы өнеге	<b>Мақсаты:</b> қазақ тіліндегі сыпайы сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету.	11.11. 2021
20	Менің пәтерім (үйім)	<b>Мақсаты:</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру	12.11. 2021
21	Менің бөлmem	Мақсаты: шағын мәтін құруға жаттықтыру.	18.11. 2021
22	Менің Отаным	Мақсаты: Отан туралы түсініктерін кеңейту	19.11. 2021
23	«Зерде» интеллектуалды ойыны	Мақсаты: ойын арқылы ойлау зейінін, білімдерін бекіту.	25.11.2021

24	Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Ту	Мақсаты: Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атауын үйрету, сөйлеу-мәдениетін жетілдіру.	26.11. 2021
25	Мемлекеттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба	Мақсаты: Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.	02.12. 2021
26	Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан	Мақсаты: Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.	03.12. 2021

		тәрбиелеу.	
27	« Мың бір қала, жүз	<b>Мақсаты:</b> Жұмбақ, жалыңташ туралы білімдерін кеңейту.	09.12. 2021



	бір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны		
28- 29	1.Әсем қала. / 2.Әсем қала	<b>Мақсаты:</b> шағын мәтіндер құрауды үйрету жалғастыру.	10.12. 2021 10.12. 2021
30	Қыс қызығы.«Қолғап» ертегісі.	<b>Мақсаты:</b> ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету.	23.12. 2021
31	«Саяхатшы» ертегісі. Жаңа Жыл құтты болсын!	<b>Мақсаты:</b> ертегіні сахналау, диалогке қатысуға үйрету. Жаңа Жыл мерекесіне байланысты сөздерді қазақша айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.	24.12. 2021

32	Қысқы орманға саяхат	<b>Мақсаты:</b> ормандағы жануарлар мен құстардың атауларын дұрыс айта алу, білімдерін бекіту.	20.01.2022
33	Менің киімдерім	<b>Мақсаты:</b> киімінің қазақша атауларын еске түсіру, жаңа атаулармен таныстыру;	21.01.2022
34	Қысқы киім	<b>Мақсаты:</b> қысты киімінің қазақша атауларымен таныстыруды жалғастыру; оларды топтай алуға үйрету	27.01.2022
35- 36	1. Ұлттық киім / 2. Ұлттық киім	<b>Мақсаты:</b> ұлттық киімдермен таныстыру, олардың қазақша атауларын айтқызып, тілдерін жаттықтыру.	28.01.2022 28.01.2022
37	Дене мүшелерінің атқаратын қызметі	<b>Мақсаты:</b> дене мүшелерінің атқаратын қызметін айта алуға үйрету.	03.02.2022

38	Тазалықты сүйеміз	<b>Мақсаты:</b> заттың атын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.	04.02.2022
39	Таңертең не істейміз?	<b>Мақсаты:</b> сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру.	17.02.2022
40	Ұлттық ыдыстар	<b>Мақсаты:</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық ыдыстардың атауымен таныстыру	18.02.2022
41	Ыдыс- аяқ дүкені	<b>Мақсаты:</b> сөздік қорларын күнделікті ыдыс атауларымен молайту.	24.02.2022
42	Азық-түлік	<b>Мақсаты:</b> азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру.	25.02.2022

43	Асханада	<b>Мақсаты:</b> тағам түрлерімен таныстыру.	
44	Әжемнің базарлығы	<b>Мақсаты:</b> ұлттық тағам түрлерімен таныстыру.	04.03.2022
45	Нан қайдан келеді?	<b>Мақсаты:</b> ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін, сөздерін мәнерлеп жеткізе білуге үйрету.	10.03.2022
46	Үй жануарлары	<b>Мақсаты:</b> үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын қазақша айтқызып үйрету.	11.03.2022
47	«Екі лақ» ертегісі	<b>Мақсаты:</b> ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету.	17.03.2022
48	Аулада	<b>Мақсаты:</b> балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру.	18.03.2022
49	Жабайы жанурлар	<b>Мақсаты:</b> жабайы жануарлар туралы білімдерін кеңейту.	31.03.2022
50	« Қазақстан барысы» ертегісі.	<b>Мақсаты:</b> ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылын салуға, олардың сөзін дауыс мәнерімен келтіріп, диалогке қатыса білуге үйрету	01.04.2022
51	Көңілді тапқырлар клубы (КТК)	<b>Мақсаты:</b> өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту.	07.04.2022
52	Көктем	<b>Мақсаты:</b> көктем мезгіліне байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету.	08.04.2022
53	Көктемгі еңбек	<b>Мақсаты:</b> балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру.	14.04.2022
54	Көктем келді, құс келді	<b>Мақсаты:</b> жыл құстардың қазақша атауларымен таныстыру.	15.04.2022
55	Армысын, әз Наурыз!	<b>Мақсаты:</b> ұлттық мерекеге байланысты сөздерді қазақша айту және оларды түсіну дағдыларын	21.04.2022

56	Ертегі әлемі	<b>Мақсаты:</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, диалогке қатысуға үйрету. сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру.	22.04.2022
57	Қандай түстер?	<b>Мақсаты:</b> түстерді қазақша айтуға үйрету.	28.04.2022
58	Біз мектепке барамыз	<b>Мақсаты:</b> жаңа сөздермен таныстыру арқылы сөздік қорларын толықтыру.	29.04.2022
59	Мектепке не апарамыз?	<b>Мақсаты:</b> сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.	05.05.2022
60	Оқушыға не керек?	<b>Мақсаты:</b> сөздік қорларын оқу құралдарының атаулармен толықтыру.	06.05.2022
61	Дыбыстар әлемі	<b>Мақсаты:</b> меңгерген білім дағдыларын қайталау, бекіту.	12.05.2022
62	Не? Кім? Қайда?	<b>Мақсаты:</b> өткен тақырыптарды қайталап, алған білімдерін тиянақтау.	13.05.2022
63- 64	1.Жайлауда / 2.Киіз үй	<b>Мақсаты:</b> тақырып бойынша жаңа сөздермен тіл байлығын жетілдіру. <b>Мақсаты:</b> киіз үй жабдықтарының қазақша атауларымен таныстыру.	19.05.2022

65- 66	1.Әжемнің оюлары / 2. Әжемнің оюлары	<b>Мақсаты:</b> қазақ ою-өрнектерінің аттарымен таныстыру. <b>Мақсаты:</b> байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру	20.05.2022
	<b>Барлығы – 66 сағат</b>		